

«ОшМУ жанындағы Узген халықаралық медициналық колледжі» (Қырғызстан)  
және «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ МКК  
(Қызылорда қ., Қазақстан)  
арасында

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ

Қызылорда қ.

« 09 » 10 2024ж.

### Жалпы ережелер

ШЖҚ МКК «Қызылорда жоғары медициналық колледжі» (Қазақстан) директоры Ж.А.Калмакова, бір жағынан, Меморандум (әрі қарай – Меморандум негізінде әрекет етеді, екінші жағынан Станбаев Озгонбай Тиллебаевич «ОшМУ жанындағы Узген халықаралық медициналық колледжі» директоры (Қырғызстан), бұдан әрі ұжымдық түрде ОшМУ жанындағы Узген халықаралық медициналық колледжімен «Екі жақты», осы Ынтымақтастық туралы Меморандум төмендегілер бойынша жасалады.

Осы меморандум ізгі ниетті растау болып табылады және екі жақты келісімдердің ынтымақтастық ниеттерін білдіреді.

### 1. Ынтымақтастық мақсаты

1.1. Осы меморандумның мақсаты медициналық білім мен ғылым саласындағы екі жақты ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

### 2. Ынтымақтастықтың бағыттары мен міндеттері

2.1. Ынтымақтастық орнатуға ниетті бойынша келесі бағыттар:

1) Ғылым, білім беру, инновациялық және технологиялық әлеуетін біріктіру негізінде денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;

2) Білім алушылармен де, университеттің және колледждің профессорлық - оқытушылық құрамымен де оқу үдерісінің немесе ғылыми-зерттеу қызметінің бөлігі ретінде әртүрлі деңгейде бірлескен ғылыми жобаларды жүргізу. Жобалар үшін қажетті деректерге қол жеткізу, бөлек жазбаша келісімдерге сәйкес алынған нәтижелерді оқу үрдісіне және денсаулық сақтау тәжірбиесіне енгізу;

3) Конференциялар, шеберлік сабақтары, семинарлар, көрмелер, форумдар және тәжірбие, ғылыми және практикалық ақпарат алмасуға, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға бағытталған басқа да нысандарда ғылым және ақпарат алмасу жөніндегі іс-шараларды өткізу;

4) Білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру және білім алушылардың ғылыми тағылымдамалардан өтуін ұйымдастыру;

5) Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауда, білім беру бағдарламаларын іске асыруда мамандар мен оқытушыларды екі жақты тәжірбие алмасуын жүргізу;

6) Екі жақты келісім бойынша екі жақтың базасында білім алушыларды өндірістік және ғылыми тағылымдардан өту кезінде қолдау көрсету;

7) Ынтымақтастық процесінде екі жақ тарапынан басқа да, қатынас түрлерімен келіседі.

2.2 Өзара екіжақты мүдделі салаларда ынтымақтастықты дамыту үшін барлық күш жігерді жұмсауға және ресми үндеу жіберу арқылы ынтымақтастық перспективалық жобалары туралы бір-бірін хабардар етуге келіседі.

### 3. Екі жақты келісім құқықтары мен міндеттері

3.1. Бірлескен ынтымақтастық процесінде екі тараптың қарым-қатынастары тең, әділ серіктестік құрады, бір-бірінің мүдделерін қорғайды.

3.2. Меморандумды орындау кезінде екі жақ тарапынан ынтымақтастық тек осы құжатта қамтылған талаптарды орындау мен шектелмеуге және қолдау көрсетуге міндеттенеді. Іскерлік байланыстар орнату және оларды (екіжақты) академиялық, ғылыми/коммерциялық қарым-қатынастарының тиімділігі мен дамуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдау.

3.3. Екі жақты келісім бойынша екінші жақтың мүдделеріне қатысты қызметті жүзеге асыруға және /немесе жүзеге асыруға құқылы.

3.4. Екі жақ бір-бірінің жекелендіру құралдарын (сауда белгілерін, рәміздерін, логотиптерін және т.б.)оның жазбаша келісімін пайдалануға және /немесе таратуға құқығы жоқ.

3.5. Екі жақты келісім басқа тәртіппен келіспесе, осы Меморандумды іске байланысты шығындарды екі жақ бірге дербес көтереді.

3.6. Екі жақты бірлескен қызмет барысында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді достық қарым - қатынаста, келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қабылдайды.

3.7 Екі жақ тарапынан Меморандумды орындауға немесе түсіндіруге қатысты туындауы мүмкін мәселелер бойынша консультациялар жүргізетін болады.

3.8 Екі жақ тарапынан жария етпеуді қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға міндеттенеді. Меморандумға сәйкес толық немесе ішінара ауызша немесе жазбаша түрде екінші тарапты жазбаша рұқсатынсыз кез-келген үшінші тарапқа берілген құпия ақпараттарды жария етпейді.

3.9 Екі жақты шарт бойынша жазбаша келісімсіз басқа тарапқа жасалған Меморандум шарт бойынша өз құқықтарын беруге құқығы жоқ.

#### **4. Ынтымақтастықтың ұзақтығы**

Меморандумға қол қойылғаннан күннен бастап күшіне енеді және 3 (үш)жыл бойы әрекет етеді және Екі жақ тарапынан ресми жазбаша келісім бойынша келесі кезеңдерге ұзартылуы мүмкін.

#### **5. Ынтымақтастықты өзгерту немесе тоқтату**

5.1. Екі жақ тарапынан өзара келісімі бойынша осы Меморандумға осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылатын қосымша келісімдермен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5.2. Екі жақ тарапы әрқайсысы Меморандумды тоқтатудан 1 (бір) айбұрын екінші тарапқа өзінің ниетін туралы жазбаша хабарлау арқылы Меморандумның мерзімінен бұрын тоқтата алады.

5.3. Меморандумның қолданылуын тоқтату екі жақтарапының міндеттемелерін жоймайды.

5.4. Егер Меморандум шеңберінде екі жақ тарапы арасындағы ынтымақтастық бір жыл немесе одан да көп уақыт бойы сақталмаса, екі жақ тарапы кез келген Меморандумның 5.2- тармағында көзделген тәртіппен Меморандумды мерзімінен бұрын тоқтата алады.

#### **6. Басқа ережелер**

6.1.Екі жақ тарапы өзара келісім негізінде осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастық заңнамаға қайшы келмейтін нысандарда Қазақстан Республикасының заңы жүзеге асырылады.

6.2. Екі жақты келісім негізінде Меморандум шеңберінде екі жақты жазбаша түрде рәсімдеу және олардың уәкілетті өкілдерінің қол қоюы керек.

6.3 Меморандумның құпиялық міндеттемелерінен басқа ешқандай қаржылық және несиелік міндеттемелер тудырмайтынымен келісіледі.Екі жақ тарапынан Меморандумның әрбір бөлігі бойынша нақты келісімге қойылғанға және орындалғанға дейін жоғарыда аталған мақстаттардың әрқайсысы үшін оларда ешқандай келісімдер, шарттар мен келісімдер болмайтынын және екі жақ тарапы ешқайсысы қандайда бір заңды қаржылық

міндеттемелері болмайтынын түсінеді және қабылдайды. Одан әрі келісім-шарттарды немесе жобаларды орындайды.

6.2. Меморандум екі жақты келісімі қазақ тілінде бірдей заңды күші бар 2 (екі) данадан, екі тараптан әрқайсысы үшін бір данадан жасалған.

6.3. Практикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақстанында меморандумға қол қойылғаннан кейін екі жақты әр тараптан бірлескен жұмыс үшін, жұмыс тобы анықталаған қызметкерлердің тізімдерін жазбаша түрде алмасады (аты-жөні, лауазымы, телефон нөмірлері, факстары және электрондық пошта мекен-жайлары көрсетіледі).

### ЕКІ ЖАҚТЫ КЕЛІСІМ ҚОЛЫ

**ШЖҚ КМК «Қызылорда жоғары  
медициналық колледжі»  
(Қазақстан)**

Заңды мекен- жайы: 030002,  
к. Қызылорда Жахаева, 18

Директор



Калмакова Ж. А.

**«ОшМУ жанындағы Өзген халықаралық  
медициналық колледжі» директоры  
(Қырғызстан)**

«ОшМУ жанындағы Өзген халықаралық  
медициналық колледжі». Заңды мекен-жайы:  
Ош облысы, Үзген ауданы, Үзген қ, Манас  
көшесі, 215.

Директор



Станбаев О.Т.

М.О.